

## БІЛІМ БЕРУГЕ КІРІСПЕ

Білім беру мен психологиялық зерттеулер: Оқыту тәсілдемелері, Оқыту преференциялары, Ситуативті таным, Ми мен ақыл-ой қызметі



Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Білім беру мен психологиялық зерттеулер: Оқыту тәсілдемелері, Оқыту преференциялары, Ситуативті таным, Ми мен ақыл-ой қызметі

## Оқыту тәсілдемелері

Биггтің (1978; 1987a; 1987b; 2001) білім беру тәсілдері жайлы еңбегі Мартон мен Сяльенің (1976) оқытудың «терең» және «үстірт» тәсілдері мен Энтвистлдің (1981) оқыту бағдары негізінде жасалған. Оқыту тәсілдері жайлы зерттеулер тек жоғары білім беру саласында ғана жүргізілді. ЖОО студенттерінің оқуға өз қалталарынан төлей бастауы студенттер үшін тиімді де көңілден шығарлықтай оқыту тәжірибесін ұсынуды талап ете бастады, осылайша, оқыту тәсілдеріне қатысты кеңес беру ісі (Biggs and Tang, 2011; Entwistle, 2009) қайтадан маңыздылыққа ие болды. Энтвистл және т.б. (2001) оқытудың төрт бағытын сипаттап берді. Олар мыналар: «мағына», «қайта қалпына келтіру», «қол жеткізу» және «холистикалық». Бұл бағыттардың емтиханды тапсырса деген тілек немесе пәнге деген ерекше қызығушылық сияқты сыртқы факторлармен бірігуі нақты бір тәсілдерді таңдап алуға алып келумен қатар, олар «тереңнен» «үстірт» деп бөліп қарастыруға болатын ойлаудың түрлі деңгейлерін де қамтиды. Олай болса, оқыту тәсілдерін уәж бен стратегия функциясы деуге болумен қатар, уәж оқыту стратегияларына әсер етеді (Biggs, 1993). Инструменталдық немесе үстірт уәж қайта қалпына келтіру немесе жаттау арқылы оқу стратегияларына алып келеді. Оқуға деген ішкі қалау терең уәжбен және түсіну мен мағынаға ерекше көңіл бөлетін оқыту стратегияларын қолданумен тығыз байланысты. Қол жеткізу уәжі емтиханды тапсыруға деген қажеттіліктен туады; бұл уақытты басқара білу мен тиімді ұйымдастыра білуге ерекше көңіл бөлетін стратегияларға алып келеді.

## Оқыту преференциялары

Қоршаған орта преференциясы жайлы зерттеу (The Productivity Environmental Preference Survey (PEPS)) (Price et al., 1991) Данн және басқалардың (1979; 1989) еңбектерінен бастау алады және АҚШ-та ересек адамдардың оқыту стилін тексеру мақсатында кеңінен қолданылады. Оқушылардың биологиялық тұрғыдан пайда болатын физикалық және қоршаған ортаға қатысты оқу преференциялары болады және ол эмоциялық қасиеттерді, әлеуметтік преференцияларды және психологиялық бейімділікті қамти отырып, жеке адамға тән стильдің негізін қалайды. Бұл зерттеу дыбыс, жарық, температура, орындықтың дизайны, мотивация, құрылым, тұрақтылық, жауапкершілік, әлеуметтік қажеттілік, физикалық қажеттілік (аудитория, визуалды, кинестетикалық және жанасу), оқыту үшін күннің ең сәтті уақыты, мобильділік, тамақ пен су ішу, өңдеу стильдері, импульсивтілік/рефлексивтілік және мидың бір бөлігінің басымдыққа ие болуы сияқты жағдайларды қамтиды (9 тарауда кейінірек сөз болатын ми жайлы бөлімді қараңыз). Зерттеудің бұл түрін ертеректе сөз болған Коффилд және т.б. (2004a және 2004b) сілтеме берген еңбектерге жасалған жүйелі шолулар қатты сынға (Englander et al., 2013) алады, олардың ойынша, оның негізділігін қолдау үшін берілген дәлелдер жеткіліксіз; оған мәліметтердің жетіспеушілігі, келтірілген сілтемелер мен статистиканы түсіндіру сапасы да өз әсерін тигізді.

## Ситуативті таным

‘Ситуативтілік’, яғни танымды өзінің табиғи контекстінде зерттеу мәселесі дәстүрлі танымдық психологияның дамуына көңілдің толмауына байланысты пайда болды. Ақпаратты өңдеу де, конструктивтік тәсілдемелер де білімді бір-біріне ұқсамайтын жеке адамға тән объект ретінде қарастырды. Олар зерттеу нәтижелері кез келген жағдайда барлық жеке адамдарға қолдануға болатын әмбебап қағидаларды ашуға көмектесетін рационалдық, индивидуалистік және абстрактылы ойлау процесстеріне ерекше ден қойды. Олардан айырмашылығы, ситуативті таным теориясы (Greeno et al., 1993; Lave and Wenger, 1991; Suchmann, 1987) оларға тән сипаттарды жоймай оқытуды оның контекстінен бөліп қарау мүмкін емес деп көрді. Ойшылардың бұл мектебінің пайда болуына әлеуметтік конструктивизм белгілі бір деңгейде әсер етті деуге болады, себебі, ол коллаборативтік оқытудың маңызына ерекше тоқталып өтеді (Nara, 2009), дегенмен, ситуативті оқыту саласының теоретик мамандары Выготский тәсілдемелерінен басқа да әдістерге жүгіну арқылы жеке оқушыны бірқатар кешенді жүйелердің (оқу кабинеті, мектеп, аумақ, мәдениет және адамзат) бір бөлігі ретінде көрсетеді, ал оқытуды осы контекстердің құрамдас бөлігі деуге болады.

«Контекстке сай дамудың» адамның өсуі мен ақыл-ойына тигізер әсерін назардан тыс қалдыруға болмайды. Балтес (1996) жас - адамға әсер ететін негізгі үш тенденцияның бірі болумен қатар, оларды биологиялық және сыртқы факторлардың өзара байланысы арқылы анықтауға болады дей отырып, даму ұзақтығын атап көрсетеді:



Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Білім беру мен психологиялық зерттеулер: Оқыту тәсілдемелері, Оқыту преференциялары, Ситуативті таным, Ми мен ақыл-ой қызметі

*Жасқа қатысты нормативті факторлар* – мысалы, жыныстық жетілу (биологиялық генез) немесе мектепке бес жаста бару (сыртқы орта генезі)

*Тарихи нормативті факторлар* – мысалы, аштық (биологиялық фактор) немесе Қытайдың бір бала саясаты (сыртқы орта генезі)

*Нормативтік емес өмірлік жағдайлар* – мысалы, миға зақым келтіретін апат (биологиялық фактор), ажырасу немесе жұмыстан шығып қалу (сыртқы орта генезі).

## Мәдениетті оқыту жөніндегі теория мен оқытудың мәдени теориясы

Англияда қосымша білім беру мен оқыту саласында іргелі тәуелсіз зерттеу жүргізіп жүрген зерттеушілер (Hodkinson et al., 2007; James and Biesta, 2007) мәдениетті оқыту жөніндегі теория мен оқытудың мәдени теориясын дамытты. «Мәдениетті оқыту» термині арқылы зерттеушілер мұғалімдер мен студенттер білім алатын контексті немесе қоршаған ортаны емес, олардың білім алуына көмектесетін әлеуметтік тәжірибелерді білдіреді. Жеке адамдарды оқыту мәдениетінің құрамдас бөлігі деуге болады, демек, олар бір-біріне әсер етіп отырады, олай болса, мәдениетті оқыту да жеке адамдардың бір бөлігі болумен қатар, өз кезегінде оларға әсер етеді. Оқыту мәдениеті белгілі бір оқыту түрін іске асыруға мүмкіндік беріп, оны қолдайды немесе шек қояды.

## Мидың қызметі

Кох және т.б. (2013) нейроғылым, танымдық ғылым, нейропсихология және білім беруге қатысты зерттеулер тек соңғы жылдары ғана дами бастады деп есептейді. Мидың қалай қызмет ететіндігі жайлы біз білімімізді күнделікті арттырып отырамыз және бұл біздің менталдық процесс жайлы білімімізді айқындап бермек (ми қызметі мен танымдық даму жайлы толық мағлұмат алу үшін қараңыз: Stiles et al., 2015). Госвами (2008) танымды мида орын алатын концепциялар мен идеялар арқылы түсіндіріп беретін таным мен сана жұмыс істеп тұрған кезде белсенді күйде болатын мидағы нейрондық тораптарды зерттейтін танымдық нейроғылым екеуі арасындағы айырмашылықты жақсы түсіндіріп береді. Алайда, көптеген ғалымдар зерттеудің бұл түрі әлі де жақсы дами қойған жоқ, сондықтан зерттелуі қажет нәрселер әлі де толып жатыр деп есептейді.

Жаңа идеяларды игеру мүмкіндіктері оқушылардың миларын «жетілдіріп», жаңа, күшті байланыстар жасауға бастауы керек. Мағыналы ақпарат ұзақ мерзімдік байланыстарға алып келеді және оларды көп уақыт қолданбаса да, қайта еске түсіруге болады, ал, құр босқа жаттап алу әлсіз, уақытша байланыстарға бастайды.

Нейроғылымның артықшылығы сол, қазіргі технологиялық жетістіктер мидың белсенді бөліктерін МРТ (магнитті резонанстық томография) арқылы зерттеуге, осылайша, мидың сөйлем құрау, теңдеу шешу сияқты менталдық қызметтерді атқарып жатқан кезін бақылауға жол ашып отыр. Бірнеше зерттеу кезінде бұл тәсілді балаларға қолданып көрді; бұл тәсілді негізінен ересек адамдарға қолданғанымен, уақыт өте келе ол көптеп қолданылуда, бұл кейбір танымдық тапсырмалардың ми қыртысының нақты бір бөлігінің қызметіне және жүйке жүйелерінің дамуына қалай әсер ететінін білуге көмектеседі.

## Ақыл-ойға қатысты түрлі көзқарастар

### Үш жақты және жиынтық зият

Интеллект/ақыл-ой/зият жалғыз ба әлде оны көптеген интеллектінің жиынтығы ретінде сипаттаған жөн бе деген сұрақ қазіргі теористерді ерекше қызықтырып отыр. АҚШ ғалымы Роберт Штернберг сияқты адамның түсінігін ақпаратты өңдеу тұрғысынан түсіндіруді қалайтындар мысалы, ақыл-ойды оның когнитивтік құрамдас бөлігі ретінде сипаттайды. Штернберг (1985) аналитикалық, шығармашылық және практикалық ойлау деп аталатын, ақыл-ойдың бір-бірімен өзара байланысты үш негізгі аспектісінің үш жақты үлгісін алға тартады:

Аналитикалық немесе *компоненттік* ақыл-ойды әдетте IQ мен жетістік тестілері арқылы тексеруге болады – жоспарлау, деректерді ұйымдастырып, есте сақтау, сосын оларды жаңа жағдайда қолдану.

Шығармашылық немесе *эксперименталдық* ақыл-ой дегеніміз, заттар арасындағы жаңа байланыстарды көріп, жаңаша идеяларды дамыта білу қабілеті.



Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Білім беру мен психологиялық зерттеулер: Оқыту тәсілдемелері, Оқыту преференциялары, Ситуативті таным, Ми мен ақыл-ой қызметі

Практикалық немесе *контекстуалдық* ақыл-ой деп жағдайлар мен адамдарды түсініп, оларды пайдасына жарата білу қабілетін айтамыз.

Штернбергтің (2011) пікіріне сүйенсек, эксперименталдық та, практикалық та ақыл-ойды IQ тестілері арқылы бағалауға болмайды, алайда, мектептен тыс кезде олар аналитикалық ақыл-ой деңгейінде ғана қажет болады.

### **Эмоциялық интеллект**

Ақыл-ой зерттеулерінің ішіндегі маңызды конструктілердің бірі ретінде *эмоциялық интеллектіні* айтуға болады (Goleman, 1995; 2006; 2011; Mayer et al., 2004; Petrides, 2009; Petrides et al., 2011; Salovey and Mayer, 1990). Эмоциялық тәжірибе мен мінез-құлыққа қатысты дискретті ми құрылымдарының (лимбикалық жүйе) бар немесе жоқ екендігі жайлы талқылаулардың әлі де жалғасып келе жатқанына қарамастан, сезімді бақылауға қатысты жеке адамның эмоциялық жағдайы мен қабілеті олардың білім алу нәтижесіне әсер ететіндігіне шек келтіруге болмайды. Негізінен, өмірдің бұл «тиімді» саласын «когнитивтік» салаға көңіл бөлетін педагогтар аса көп қабылдай қоймады. Гулманның еңбектерінің нәтижесінде, ол енді ғана назарға іліне бастады. Ол қабілетті импульсті бақылаумен, өзін-өзі ынталандырумен, ал, көңіл-күйді дұрыс ойлау мен оқытумен байланыстырды.

### **Терминдер.**

Рационалды таным – тану құралдарының заңдылықтары арқылы заттардың ішкі мәніне және олардың болмысына үңілуді, ойлау жүйесін айтамыз.

Преференция - артық көру, артықшылық беру.

### **Сұрақтар:**

Оқыту тәсілдемелері дегеніміз не?

Оқыту преференциялары дегеніміз не?

Үш жақты және жиынтық зият дегеніміз не?